

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша Қорғалжын ауданында 2019 жылға егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 26 сәуірдегі № А-4/70 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 сәуірде № 7153 болып тіркелді

"Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңының 5 бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Қорғалжын ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша Қорғалжын ауданында 2019 жылға егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ғ-С. Мұхамеддиге жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қорғалжын ауданының әкімі

Б.Жанбаев

Қорғалжын ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "26" сәуірдегі
№А-4/70 қаулысына
қосымша

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша Қорғалжын ауданында 2019 жылға егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері

№ р/р	Өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері	Оңтайлы мерзімдер
1.	Орташа кеш жаздық бидай	14 мамырдан 25 мамырға дейін
2.	Орташа піскен жаздық бидай	17 мамырдан 02 маусымға дейін
3.	Орташа ерте жаздық бидай	18 мамырдан 04 маусымға дейін
4.	Жаздық арпа	25 мамырдан 04 маусымға дейін
5.	Сұлы	25 мамырдан 04 маусымға дейін
6.	Тары	20 мамырдан 02 маусымға дейін
7.	Нұт	07 мамырдан 20 мамырға дейін
8.	Күнбағыс	05 мамырдан 20 мамырға дейін

9.	Зығыр	18 мамырдан 25 мамырға дейін
10.	Мақсары	07 мамырдан 15 мамырға дейін
11.	Суармалы картоп	09 мамырдан 25 мамырға дейін
12.	Суармалы қызылша, сәбіз	20 сәуірден 10 маусымға дейін
13.	Жабық топырақтағы көкөністер	05 мамырдан 15 мамырға дейін
14.	Азықтық тары, судан шөбі	15 мамырдан 04 маусымға дейін
15.	Судан шөбі тұқымға	17 мамырдан 25 мамырға дейін
16.	Көпжылдық дәнді және бұршақты шөптерді ерте көктемгі егу	Өріске бірінші шығу мүмкіндігі болғанда 30 сәуірге дейін
17.	Көпжылдық дәнді және бұршақты шөптерді көктемгі егу	01 мамырдан 15 мамырға дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК